



MUNAILY MEKEN

«ҚАЗМҰНАЙГАЗ» БАРЛАУ ӨНДІРУ» АҚ
корпоративті басылымы

№ 10 (474)

18/05/2018



Газет 2005 жылдың
29 желтоқсанынан шыға бастады

ФОРУМ

KGF OIL&GAS 2018

Мамырдың 17-і күні Астанада «Kazakhstan Geology Forum, Oil&Gas, 2018» мұнай және газды барлау жөніндегі II халықаралық форум басталды. Шараны өткізу жұмыстарын Қазақстан мұнайшы-геологтар қоғамы ұйымдастырды және «Kazenergy» қауымдастығы атсалысты. Форумға Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі, «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ, Қазақстан Республикасының Инвестиция және даму министрлігінің Геология және жер қойнауын пайдалану комитеті қолдау білдірді. Форумға Қазақстан Республикасының салалық министрліктері мен ведомстволарының, ірі мұнай газ кәсіпорындарының басшылары, сарапшылар қатысты.



Форумның ашылу салтанатында ҚР Энергетика министрі Қ.Бозымбаев, ҚР Инвестициялар және даму министрлігінің Геология және жер қойнауын пайдалану комитетінің төрағасы А.Надырбаев қатысушыларға құттықтау лебізін білдірді. Бұдан әрі форум жұмысы «Геологиялық барлау ел экономикасын дамытудағы негізгі бағыттардың бірі» тақырыбындағы пленарлық мәжіліспен жалғасты. Оған Қазақстанның мұнайшы-геологтар қоғамының президенті Б.Қуандықов модератор болды. «Kazenergy» қауымдастығы Төрағасының орынбасары Ұ.Қарабалин «Әлемдік энергетикалық тепе-теңдікте көмірсутегі ресурстарының келешегі: тегеуріндер мен үрдістер», ҚР Энергетика министрінің бірінші орынбасары М.Досмұхамбетов «Қазақстан Республикасындағы геологиялық барлау жұмыстарының жағдайы», «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ бас директоры, И.М.Губкин атындағы Ресей мемлекеттік мұнай және газ университетінің профессоры, Ресей жаратылы-

стану ғылымдары академиясының академигі Құрманғазы Есқазиев «Терең горизонттарды зерттеу. Геологиялық барлаудың – жаңа заманы», IHS Market компаниясының вице-президенті Боб Фрикланд «Мұнайлыгазды бассейндерді зерттеу тәсіліне қайта мән беру» тақырыптарында баяндамалар жасады.

«Kazakhstan Geology Forum, Oil&Gas, 2018» форумы Қазақстанның мұнай геологиялық барлауын дамытудағы басты басымдықтар, ҚР геологиялық барлауға инвестиция тарту мақсатында заңдық базаны жетілдіру, скважиналарды геофизикалық, кәсіпшілік зерттеу, алқаптық геофизикалық жұмыстар, отандық геологиялық барлау ғылымы және тәжірибе, цифрлы геология, «ақылды кенорындар», мамандарды дайындау және басқа да негізгі тақырыптарды қамтыды.

Форум мамырдың 18-і күні де жалғасты. KGF Oil&Gas форумының мақсаты – инновациялық технологияларды зерттеу және енгізу арқылы Қазақстандағы мұнайлы геологияның дамуына белсенді көмектесу.

Бүгінгі сәндә:



4

Рахмет, саған ITS!



6

Жаңарған кеніш жаңалығы

МҰНАЙШЫ ТЕХНИКА ҒЫЛЫМДАРЫНЫҢ ҚҰРМЕТТІ ДОКТОРЫ

«Өзенмұнайгаз» АҚ МГӨБ-1 Мұнай және газ өндіру жетекші инженері Мұрат Қожаберген өндірісте еңбек ете жүріп, ғылымның дамуына өз үлесін қосып жүр. Мұраттың саладан қол үзбей жүріп, үнемі ізденісте болуы оның өз мамандығына деген адалдығы мен ерекше сүйіспеншілігін көрсетеді. Бұл еңбегінің нәтижесі де аз емес.

дипломмен техника ғылымдарының құрметті докторы атағына ие болды.

Мұрат Қожаберген өткізген еңбекте және ғылым саласында жеткен жетістіктері аз емес. Атап айтқанда, 2016 жылы Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне орай және Қазақстан Республикасының Ұлттық инженерлік академиясының 25 жылдық мерейтойына ұйымдастырылған республикалық байқаудың жеңімпазы атанып, «2016 жылдың Үздік инженері» атағына ие болды. Алтын медаль және дипломмен марапатталды. Ал, 2017 жылы Астанада өткен ЭКСПО-2017 «Дүниежүзілік инженерлер ғалымдар Конгресі: Болашақтың энергиясы: инновациялық сценарийлер және оларды жүзеге асыру әдістері» атты конгресіне жолдама алып «Өзен кен орындағы суланған қабаттардағы қалдық мұнайды эксперименталды зерттеулер нәтижесімен шығару» атты тақырыптағы еңбегі дүниежүзілік ин-

женерлер мен ғалымдар назарында болып, танылған еді.

Әлемдік ғылыми конференцияларға қатысып, 30-дан астам ғылыми жұмыстары және мақалалары, монографиясы, кітаптары жарық көрді. «Калдық мұнайды физикалық-химиялық әдістермен шығарудың проблемалары», 2017 жылы «Прогноз разработки нефтегазовых залежей» кітаптары жарық көрді.

Қазақстан Республикасы Ұлттық тау-кен Ғылымдар Академиясының Президенті, академик, техника ғылымдарының докторы Нұрлан Рыспанов 2017жылы мұнайшылар күніне орай Жаңаөзен қаласының мәдениет сарайында «Тау-кен ғылым саласының үздігі» атағын келіп табыстап, төсбелгімен марапаттаған. 2017 жылы Жаңаөзен қаласының әкімі Елубай Әбіловтің Құрмет грамотасымен және «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ және «Өзенмұнайгаз» АҚ басшыларының тарапынан Құрмет грамотасы және Алғыс хаттарды иеленді.



2018 жылы Мәскеу қаласындағы Ұлттық техникалық зерттеулер университеті (МИСиС) өткен Мәскеу тау-кен академиясына (АГН) 100 жыл толуына орай, сондай-ақ XXVI бүкіл әлемдік ғылыми симпозиум «Неделя Горняка» – атты конгресіне қатысып, бүкіл әлемдік «Тау-кен саласының ғылыми академигі» атанып, академия мүшесі болып, дипломмен марапатталды.

2018 жылы Аймақтық менеджмент Академиясы Төралқасының шешімімен «Техника және технологияның дамуына қосқан үлесі үшін» Н.Тесла атындағы Алтын медалмен марапатталды. 2018 жылы Аймақтық менеджмент Академиясы Төралқасының шешімімен үздік




8

Бабалар жүрген ізбенен...



НҰРЛАН БАЛҒЫМБАЕВ КІТАБЫНЫҢ ТҰСАУКЕСЕРІ ӨТТІ



«Өзенмұнайгаз» АҚ-ға «Нұрлан Балғымбаев» кітабының жинақтаушы-редакторы, ардагер-мұнайшы Меңдеш Салихов келіп, аталған кітап тұсаукесерін өткізді. Салтанатты жиынға ардагер-мұнайшы Аманжан Өтесінов, «Хазармұнай» ЖШС директоры Нұржан Жұмағұлов, ардагер-мұнайшы Тыныштық Базарбаев, Жаңаөзен ақсақалдар кеңесінің төрағасы Қуандық Бекмағамбетов, Жаңаөзен қалалық-қоғамдық кеңесінің төрағасы Мұса Қожабеков, қалалық ішкі саясат бөлімінің басшысы Дәмелі Есенова, Оразмағамбет Тұрмағамбетұлы атындағы Жаңаөзен мұнай-газ колледжінің директоры Таңат Өскімбаев, қалалық орталық кітапхана әдіскері Гүлжан Мадиярова, жергілікті БАҚ өкілдері, компания басшылығы мен ұжымы, қала активі қатысты. «Өзенмұнайгаз» АҚ бас директоры Бекзат Абайылданов Нұрлан Өтепұлының өмірі мен қызметі, еліміздің тәуелсіздігіне, саяси-экономикалық дамуына қосқан үлесі туралы айтып өтті.

«Қолымызға тиіп отырған кітапта оның адами қырлары, елдік мәселелерді шешудегі табандылығы, ұтымды пікірі мен іскерлігі баса көрсетілген. Қазақ мұнайының бастауында Балғымбаевтар әулеті аталады. «Асылдың сынығы да жарқырайды» демекші, Өтептей ақсақалдан туған Нұрлан Өтепұлы да саланың тәуелсіздік жылдарында оң жолға қойылуына, қарыштап дамуына ерекше еңбек сіңіргенін көпшілік ұмыта қойған жоқ. «Кешегілердің еңбегін елемеген, бүгінгілердің көңіліне

қарамаған, ертеңгілерді қарық қылып жарытпас» – депті дана Әбіш. Нұрекеңнің жарқын жүзі бәріміздің жадымызда ұзақ сақталмақ» – деді бас директор.

Меңдеш Салихов ардақты азамат туралы жазылған кітапты компания басшылығына, қалалық кітапханаға, мұнай-газ колледжіне, мұражайға, журналистерге табыстады. Жас маман Жандос Жұбауов өзінің Нұрекеңе жазған арнауын оқыды.

Қазақта «жақсы адам – асыл қазына» деген нақыл бар. Жүрегінің шырағы, жанының шуағы бар жақсы адамның жарығы сөнбейді, жадында жаңғырады, санада сақталады... Ендеше, Нұрлан Өтепұлының есімі, еліне сіңірген еңбегі ешқашан ұмытылмақ емес.



«Үздік маман-2018»

БАЙҚАУ ШЕБЕРЛІКТІ ШЫҢДАЙДЫ

Қаражанбас кен орнында «Қаражанбасмұнай» АҚ жұмысшылары «Үздік маман-2018» кәсіби шеберлік сайысының екінші кезеңіне қатысуда. Бұл сынға біліктілік шеберліктерін көрсетіп жатқандар бірінші кезеңде тестілеуден сынақ тапсырған болатын. Одан кейінгі бөлімде практикалық тапсырмаларды орындап, өзара мықтыны анықтайтын болады.

Жуырда біз «Қаражанбасмұнай» компаниясы мұнайшыларының 50 миллионынша тонна мұнай өндіргені туралы ақжолтай жаңалықты жарияладық.

1980 жылдан бері мұнай өндірісінде өз жұмысын бастаған «Қаражанбасмұнай» АҚ қырықжылға уақыттан бері жер қойнауын игеріп келеді. Бүгінде осынау кенішті игеріп жатқан мұнайшылар жыл сайын өзара кәсіби шеберлік байқауына қатысып, жеңістерге жетіп, компания дамуына өз үлестерін қосуда. Байқау – бұл әр маманның өз кәсібін деген сүйсіпеншілігін, алға ілгері даму, биік белестерді бағындыруға деген ұмтылыс, өндірістік жұмысқа деген жоғары жауапкершіліктерін байқатады. Ендеше, сынақ бәйгесіне түскен барлық мұнайшыларға сәттіліктер серік болсын!



ЕҢБЕК АДАМЫ

«Өзенмұнайгаз» АҚ қарасты №1 Мұнай-газ өндіру басқармасында жұмыс жасайтын Үсен Таңатаров мұнай саласында 43 жыл жұмыс жасап, бұйыртып зейнеткерлікке қамданып жатыр. Қарапайым оператор, шебер болып жұмыс жасаған мұнайшы «адам тұрмақ шыбын-шіркей де толассыз, тынымсыз еңбек етеді емес пе?» – деп күледі. Өмірінің жартысынан көбі өндірісте өткен Үсен аға ұжымына бауыр басып қалғанын айта-

ды. Бұрынғылардың «Бір қазаннан дәм татқан бір туғаннан несі кем» – дегені осы шығар...

Бүгінде аталмыш басқарманың №5 Шоғырланған сораптар станциясында шебер болып жұмыс істеп жүрген Үсен Өсербайұлы туралы әріптестері жұмысты жүйелі ұйымдастыра білетіндігін айтады.

«Мен бала жасымнан мұнайшы болуды армандап өстім. Өмірімді жұмыссыз елестете

алмаймын. Жұмыс жасамай отырсам тоқтап қалған уақыттың ішінде қамалғандай күй кешемін» – дейді мұнайшы аға.

Жұмысқа жанашырлықпен қарайтын мұнайшы аға компания басшылығы тарапынан берілген марапаттарға дән риза. Жарты ғасырға жуық еңбек еткен ол әріптестеріне де, еңбектің бағасын білетін компания басшылығына да шексіз алғысын білдіреді.

ЕМБІ МҰНАЙШЫЛАРЫ ЗЫРЯН ТҰРҒЫНДАРЫНА КӨМЕК КӨРСЕТТІ



«Ембімұнайгаз» АҚ ұжымы көктемгі су тасқынынан зардап шеккен Шығыс Қазақстан облысы тұрғындарына қайырымдылық көмек көрсетіп, 2018 жылғы 15 мамырда «Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма төрағасы Әнуар Жақсыбеков Компания ұжымы атынан Шығыс Қазақстан облысының Зырян ауданының 7 отбасына тұрғын үйлер кілттерін табыс етті.

Баспаналарды ШҚО Зырян ауданының тұрғындарына тапсыру салтанатына «Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма төрағасы Ә.Е.Жақсыбеков, ЕМГ Басқарма төрағасының бизнесті дамыту жөніндегі орынбасары Б.Қ.Балжанов, ЕМГ әлеуметтік саясат жөніндегі басқарушы директоры С.Ж.Нақпаев және ШҚО Зырян ауданының әкімі Н.Т.Токсейітов қатысты.

– Ембілік мұнайшылар еңбекқорлығымен, азаматтық жауапкершілігімен ерекшеленіп қана қоймай, әлеуметтік аз қамтылған отбасыларға көмек көрсетуді дәстүрге айналдырып келеді. Сондықтан, ағымдағы жылдың наурыз айында Атырау облыстық әкімдігінен көктемгі су тасқынынан зардап шеккен Шығыс Қазақстан облысы тұрғындарына көмек көрсету туралы хат келіп түскенде, мұнайшылар бірауыздан жалақыларынан қаражат бөлу жөнінде шешім қабылдады.

Ембілік мұнайшылар жинаған қаражатқа зардап шеккен 7 отбасы қала маңындағы поселкелерден аудан орталығы – Зырянға жылы, жайлы пәтерлер мен үйлерге көшті, – деп атап өтті «Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма төрағасы Әнуар Жақсыбеков Шығыс Қазақстан облысы Зырян аудандық әкімдігінде тұрғын үйлерді тапсыру салтанатында.

Зардап шеккен қазақстандықтарға қол ұшын созу мақсатында мұнайшылардың ерікті түрде жинаған қаражат көлемі 12 миллионға жуық теңгені құрады. «Наш город – Зыряновск» қайырымдылық қорына аударылған бұл қаражатқа үйлері суға кетіп, жарамсыз деп танылған Малеевск, Зубовск және Зырян қаласы маңының тұрғындарына 4 пәтер мен 3 үй алынды. Сонымен қатар, салтанатты жиын барысында ЕМГ басшылығы баспана иелеріне жұмысшылар атынан теледидар сыйға тартты. ЕМГ-нің еңбек ұжымы табиғи апаттан

зардап шеккен жандарға бұған дейін де көмек көрсеткен болатын. 2015–2016 жылдары Компания қызметкерлері көктемгі жауын-шашын салдарынан үйлері жарамсыз болып қалған Атырау қаласы мен қала маңындағы тұрғындарға көмек ретінде бір күндік жалақыларын аударды. Көмекке зәру отбасылар тізімін Атырау облыстық әкімдігі ұсынды. Ембіліктер 2015 жылы жинаған қаражатқа мүмкіндігі шектеулі балалары бар 4 отбасының үйлері күрделі жөндеуден өтіп, бір жалғызбасты зейнеткерге жаңадан үй салынып берілді. Ал, отбасындағы төрт баланың екеуі ауыр науқасқа шалдыққан Атырау қаласының тұрғынына 2016 жылы бір үй салынып берілді. Соңғы бес жылда «Ембімұнайгаз» АҚ республикалық және жергілікті бюджетке салық түрінде 696 млрд. теңгеге жуық, өңірлік инфрақұрылымды дамытуға 2,8 млрд. теңге, демеушілік пен қайырымдылыққа 2,3 млрд. теңге қаражат бөлді. Жер қойнауын пайдалану жөніндегі келісімшарттар аясында бөлінген қаржыға «Ембімұнайгаздың» өндірістік бөлімшелері орналасқан аудандардағы әлеуметтік нысандар: балабақшалар, мәдениет үйлері, дене шынықтыру-сауықтыру кешендері, мектептер, бюджеттік мекеме қызметкерлеріне арналған баспана құрылыстары және т.б. салынып, күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілді.



АҚІНГЕННІҢ МАЙТАЛМАН МҰНАЙШЫСЫ

Иә, уақыт неткен жүйрік. Кезекті жұмыс ауысымымен бірге өмір көші де зырғып аққандай. Ұстаздай тәлімгер болған тәжірибелі ағалар бірінен соң бірі зейнеткерлікке шығып жатыр. Сөздің шыны керек, ұжымда алдыңдағы ағалар арадан кеткенде біртүрлі орындары үңірейіп қоңылтақсып қалады екенсің. Ал, қалған жастар да еңбекқор, зейінді болып жауапкершілікпен сол ағалардың сара жолын жалғап кетуі хақ. Бүгінде кенішімізде көш бастар азаматтардың бірі – Өтегенов Бауыржан Көңілқосұлы. Ол өнегелі де іскер, отбасында өскелең тәрбиелі ұрпағымен, өндірісте тәжірибелі ерен еңбегімен үлгілі озық тұлға. Жастарға айтары, үйретері мол, айшықты ізі бар жан. Киелі Қосшағыл топырағының тумасы.

Бауыржан алғаш еңбек жолын 1976 жылы бұрғылау алаңдарында тас қалаушыдан бастап, Отан алдындағы әскери борышын өтеп келгесін 1980-1988 жылдар аралығында осы Оңтүстік Ембі мұнай барлау экспедициясында бұрғышының көмекшісінен бұрғышыға дейін өсіп, еңбек етті. 1988 жылдан күні бүгінге дейін ілкі қадамы Қосшағыл, Төлес

нүктелерінен бастау алған оператор Бауыржан бүгінде – Қосшағыл цехына қарасты Ақінген кен орнының 5-ші дәрежелі маңдайалды операторы. Ақінген кен орнын игеруде Бауыржан бастаған Ж.Унайбаев, Д.Кузекенов, Ж.Лепенов, С.Ермеков сынды оператор жігіттердің еңбегі ерен. Бәрі де өз ісінің шеберлері. «Жоспарлы, нәтижелі жұмыс деген – техникалық қауіпсіздікті сақтау және болдырмау, ақаулы, апатты жағдайлар болса, дер кезінде шарасын алу» дейді Бауыржан. Еңбегі бағаланып, бірнеше рет Алғыс хаттармен, бағалы сыйлықтармен, Қосшағылдың 70-жылдық ұлы тойында арнайы төсбелгімен марапатталды. Аtpал азамат, абзал әке сүттей ұйыған мерейлі отбасының отағасы. Жары Шолпан «Алтын Алқа» иегері – 6 перзенті бар. Тұңғыш егіз қыздары Айсұлу мен Күнсұлу Атырау мұнай газ институтын үздік бітіріп, өз мамандықтары бойынша еңбек етуде. Екеуі де тұрмыста, екеуінен алты жиен бар. Гүлназ қызы Атырау медколледжін бітіріп, ол да тұрмыста, Құлсарыда қатаң аурулар бөлімшесінде медбике. Одан Ғазиз, Нарғыз атты 2 жиен бар. Үлкен ұлы Мейрам Аты-

рау мұнайгаз институтын бітіріп, «Мұнай Сервис» мекемесінде қызмет етеді. Бауыржан мен Шолпан таяуда көптен күткен ата-ана арманы орындалып келінді болды. Келін Мөлдір де экономист мамандығын оқыған, қазір банк саласында істейді. Мейіржанның мамандығы биолог. Кіші ұлы Махамбет мектепте үздік оқиды, спортшы. Қорыта айтқанда, үлгі етерлік отбасы!

Бауыржанның қара алтынды тасқындатқан еңбегіне келер жыл – 30 жыл болады екен. Биыл Ақінген кенішінің ашылғанына 25 жыл толып отыр. Жатақхана күрделі жөндеуден өтті. «Медикер» кабинеті де жабдықталып, кеңейтіліп өз алдына жаңа қонысқа орналасты. Енді жаңа жатақхана жалғасып, кеңейтілмек мақсатта іргетасы қалануда. Осының бәрі мұнайшыларымыздың мерейі үшін жасалынып жатырған игі шаралар. Наурыз айында кәсіподақ тарапынан кеніштің Бауыржан бастаған мұнай өндіру операторларына



қомақты сый-сияпат (спорттық костюм аяқ киімімен, рюкзак сөмкелер) көрсетілді. Бауыржандай азаматтарымыз, мәртебелі мұнайшыларымыз көбейе берсін!

Жаңыл Баеділова,
«Медикер – ӨМ» ЖШС медбикесі
Ақінген кен орны



«ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ-да Ішкі тренерлер мектебі, ITS жобасы туралы біз бұған дейін де жаздық. Ішкі тренерлер мектебі 2016 жылдың соңында іске қосылған болатын. ITS – бұл өзін өзі дамытқысы келетін және кәсіби білімі мен жинаған тәжірибесін бөлісуге дайын қызметкерлерге арналған жоба. Басында жобаға 38 қызметкер қатысуға тілек білдірді. Қазіргі уақытта 24 адам қалды. Бүгінде осы мектептің түлектері, ҚМГ БӨ қызметкерлері еншілес компанияларда өз тренингтерін өткізіп, жаңа қырларынан танылауда. Кәсіби тұрғыдан жаңа бір биіктікке көтерілді. Әрине, мұның бәрі көп еңбекті қажет етеді. Жобаға қатысушылар көп жеке уақыттары мен күштерін өздерін дамытуға арнады. Кейбір қызметкерлер еншілес кәсіпорындарға қызметке ауысуына байланысты жобаға соңына дейін қатыса алмады. Ішкі тренерлер Компания басшылығының қолдауын сезінді. Бұл үшін үлкен ризашылықтарын да білдіреді. ITS жобасының барлық кезеңдерінде HR қызметі көп еңбек сіңірді, мектеп жұмысына қатысты барлық жұмыстарды ұйымдастырды. Жоба қатысушылар ақ, көк, қара, трикоleur сияқты түрлі деңгейден өтуі қажет болды. Ішкі тренерлер өткізген тренингтер бойынша қатысушылармен және жобаның сыртқы үйлестірушісі, бизнес тренер Ильдар Валиуловпен супервизия жүргізді. Бір жылғы еңбектің нәтижесі – ҚМГ БӨ Ішкі тренерлері Атырау және Қызылорда қалаларында «Ембімұнайгаз» АҚ және «Қазгермұнай» БК» ЖШС қызметкерлеріне арналған «Education Day» шарасы аясында тренинг-шеберлік кластарын өткізді. Бұл компанияның алға дамуына үлкен септігін тигізетін жоба болды деп айтуға әбден болады. ҚМГ БӨ ішкі тренерлері өз пікірлерімен бөліседі.



РАХМЕТ, САҒАҢН ITS!



Эльмира Каримова,
«ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ Қызметкерлерді басқару және еңбекақы төлеу жөніндегі департаментінің директоры

КОМФОРТ АУМАҚТАН ШЫҒУ – АДАМДЫ ШЫНЫҚТЫРАДЫ

– ITS жобасының дамуы, іске асырылу барысы көптеген қызықты жайттарға толы болды. Жылға жуық уақыт ішінде жобаға қатысушылар тренер болудың техника-тәсілдерін үйреніп қана қоймай, өздері де жаңа қырларынан танылды. Жоба адамның жан-жақты ашылуына да септік етеді. Бұл жобадан ерекше атмосфера болды. Ішкі тренерлер өткен жылдың қараша айында болған HR форумда үлкен алаңға шықты. HR жоба адамды өзгертеді. Бұл үнемі өзінді дамыту, алға жылжу. Комфорт аумақтан шығу – адамды шынықтырады. ITS түлектеріне ішкі тренер ретінде төсбелгі табысталады.

Қандай да болсын кез келген жобаны қызметкерлер қолдамаса оны іске асыру қиын. Бұл мектеп адамдар өмірін өзгерті. Мен де қатысушы ретінде өзгердім. Адамдарға аялы қарай білу, жылы қарым-қатынас жасай білу де өнер. Кім өзінің күшін дамытуға салады сол компанияны дамытады. Атырау және Қызылорда қалаларында тренингтер өткіздік.

Қатысушы топ үшін тренердің шынайы болуы маңызды. Өзінді жалған ұстасан, төмен энергиямен жауап бересің. Бұл да тренерлік технология. Ішкі тренерлер жұмысына еншілес компаниялардан сұраныс бар. Өзін өзі дамытуға құштар жандарды құрметтеймін. Бұл мектеп оқыту жүйесін дамытудың негізін қалады. ҚМГ БӨ-де оқу – құрмет, мақтанш. Бұл корпоративтік мәдениеттің бір бөлшегі.



Жасұлан Рзаев,
«ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ Геология және кен орындарын игеру департаментінің жетекші инженері

ӘР ТРЕНИНГ ӨЗ ЖАҒАЛЫҚТАРЫН АЛЫП КЕЛДІ

– Осы жобаға қатысу маған да пайдалы болды. Өзімді тек қана өндіріс саласындағы маман ғана емес, осы уақытқа дейінгі жиған тәжірибемді тренер ретінде бөлісуге үлкен септігін тигізді. Жобаға келуімнің себебі, 2013-2015 жылдар аралығында халықаралық іс тәжірибе алмасу мақсатында «НКОК» компаниясында жұмыс істедім. Сол кезде көптеген шетелдік мамандармен тренингтік сабақтар өткіздік. Оны біз ағылшын тілінде өткіздік. Сол кезде жинаған тәжірибемді қазақ тілінде ҚМГ саласындағы активтерде сабақ үйрету мақсатында жобаға қатысқан болатынымын. Қазіргі уақытта қабатқа су айдау жобасымен жұмыс істеп жатырмын. Осы жоба сәтті аяқталған соң осы жұмысым бойынша өз әріптестерім – геологтармен сабақ өткіземін деген ойым бар. Жобаға қатысу ұнады. Өзіңе деген сенімділікті қалыптастырады. Әріптестерімді басқа қырынан таныдым. Жобаға бекер келдім деген өкініш болған жоқ. Әр тренинг өз жаңалықтарын алып келді.

Жазира Аралбаева,
«ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ Бюджеттік жоспарлау және экономикалық талдау департаментінің жетекші экономисі

БҮЛ ЖОБАНЫҢ ӨЗ РУХЫ, ЖАҚСЫ ЭНЕРГИЯСЫ БАР

– Адам әлеуетін дамытуда ITS тамаша жоба болды. Жобаға қатысып өзіме деген сенімді нығайттым. 2016 жылы осы жобаға қатысу үшін қалай бейнебаян түсіргенім есімде. Мен осы жобаның бір бөлігі болғаным үшін қуанамын. Осы жобаны ұйымдастырған және оған қолдау көрсеткен ҚМГ БӨ компаниясына ризашылығымды білдіремін. Біз, қызметкерлер, осы жобаға қатысып, қабылеттеріміз ашылып, дамып, қарым-қатынасымызды одан әрі жақсарттық. Еншілес компаниялар қызметкерлеріне тренингтер өткіздік. Жақсы тәжірибе болды. Біз бірімізден үйренеміз. Әрі қарай да өзімізді шындай түсіп, жақсартамыз деп ойлаймын. Тренинг көпшілік үшін бұл тыңдау деген түсінік бар. Ал, бизнес тренер Ильдар Валиуловтың арқасында тренингті қызықты, шығармашылық тұрғыдан өткізуді үйрендім. Барлық ішкі тренерлерге сәттілік тілеймін. Бұл жобаның өз рухы, жақсы энергиясы бар.



Досымбек Тасқынбаев,
«ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ Логистика және сатып алу департаментінің директоры

ITS АДАМДЫ ӨЗГЕРТЕДІ

– Бұл жобаға қатысу оңай болған жоқ. Жұмысты қатар алып жүріп, барлық жиналыстарға қатысу керек. ITS-те біз барлық тапсырмаларды орындауға тырыстық. Оқыдық, өзгеруге тырыстық. Жоба адамның барлық қабылет-қарымын және табиғи болмысын ашуға да әсер етті. Бұл жобадан өзімнің де әріптестерімнің де өзгергенін байқадым. Мұның барлығы ұнайды. Өз ойыңды ашық айта білу, қатысушылармен жұмыс, білімің мен тәжірибені дұрыс қолдану барлығы үлкен мектеп болды. Бұл көп дайындықты, жұмысты қажет ететін жоба. Өзіндік ішкі тәртібі де бар. Мен еңбек демалысында жүріп, үй тапсырмасын уақытында орындамадым. Сөйтіп, демалыстан соң жұмысқа шықсам, «Сіз жобадан шықтыңыз, үй тапсырмасын орындаған жоқсыз» деген хат келіп тұр. Содан HR қызметінің басшысы Эльмира Каримоваға еңбек демалысында болған себебімді айтып хат жаздым, бірақ ол адамнан сіз тренер болғыңыз келсе үй тапсырмасын қандай себепке де қарамай орындауым керектігі туралы жауап алдым. «Соңғы мүмкіндікті беріңізші» деп сұрадым. Ол кездегі көңіл күй жағдайын айтып жеткізу мүмкін емес. Бұл үлкен сабақ болды. Бұл мені тәртіпке шақырады. Есімде осындай жағдай қалды. Әр кез оқу тренингін өткізгенде жобаға дейін әріптестерім қандай болды, қазір қалай өзгерді, салыстырамын. Өзім де өзгердім. Мен келіссөздер жүргізе білу, тыңдай білу, ойыңды жинақтап жеткізу, камера алдында жұмыс істеу, келіссөзде тараппен тиімді шешім таба білу, тіл табысуды үйрендім.



Нұрзада Үсінбекова,
«ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ Логистика және сатып алу департаментінің жетекші маманы

МЕН НЕГЕ ТРЕНЕР БОЛҒЫМ КЕЛДІ?

– Алғаш осы жобаның ашылып жатқаны туралы бейнероликті көргенде қатысуға деген қызығушық болды. Маған керек жоба деп ойлады. Қатысуға жас бойынша шектеу жоқ. Қойылған барлық талапқа сәйкес келдім. Содан неге тренер болғым келетіні туралы әссе жазып, 2 минуттық бейнебаян түсіріп тапсырдым. Отбасымда балаларым бейнебаянға түсуіме көмектесті. Тренерлік әдіс, технологияны меңгертім келдім. Осылайша өзінің ішкі резервіңді, білімің мен тәжірибеңмен өз компанияңдағы және еншілес кәсіпорындардағы әріптестеріңмен бөлісу жақсы идея. Қарапайым тиімді ой. Маған ұнады. Мен бұл жобадан біреудің білімін тұтынушы ретінде емес, өз тәжірибем мен білімім туралы айта аламын. Өз әріптестерімді басқа қырынан таныдым. Түрлі жаттығуларда оларды басқа қырынан көремін. Өзімді де басқа қырыман көрсете аламын. Мен үшін маңызды жоба. Менің басқа қабылеттерімді ашты. Жобаға дейін және кейін айырмашылық бар. Бұл жобаға қатысу оңай болды деп те айта алмаймын. Кейде қауырт жұмыс және жобаны да қатар алып жүру керек қиын сәттер болды. Тапсырмаларды мерзімінде орындау керек. Қызметкерлерді басқару және еңбекақы төлеу жөніндегі департаменттің директоры Эльмира Каримованың осы жобаны ұйымдастырғаны үшін ризамын. Бізді Ресей, Украина, Қазақстанның білікті тренерлері оқытты. Өзім де тренингтер өткізу тәжірибемді бастадым. Нағыз тренер болу үшін әлі де оқу керек. Барлық тәжірибе шынықтырады.



Анарғұл Жақсиева,
«ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ Әлеуметтік саясат және шаруашылық қамтамасыз ету департаментінің аға инженері

ОСЫ ЖОБАДА ӨЗ КҮШІМДІ СЫНАП КӨРГІМ КЕЛДІ

– Ішкі тренерлер мектебі жобасында болу өте ұнады. Жобада Ресейден, Украинадан тренерлер келіп сабақтар өткізді. Ақтер бола білу, адамның барлық эмоциялық жағдайын көрсету, ашылу, алғашқы тренингтерді әріптестеріміздің ортасында өткізу бәрі де қызықты болды. Барлық нәрседің басында қиын. Сосын әрі қарай жалғасады. ЕМГ-ға барып тренинг өткізгеніміз маған ұнады. Өз еңбегімнің жемісін көрдім. Адамдар жанарындағы қызығушылық, энергия ол тренерге де беріледі. Өзара осындай сезім әрі қарай адамды дамуға ынталандырады, ілгері жылжытады.

Ернұр Сәбікенұлы,
«ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ Маркетинг және мұнай сату департаментінің аға маманы

ЕҢБЕК ЗАЯ КЕТКЕН ЖОҚ

– Жобаға қатысқанда көптеген жеке уақытым кететінін білдім. Бірақ мен осыған дайын болдым. Бүгінгі күні өз жұмысымның, сондай-ақ барлық команда еңбегінің нәтижесін көре бастадым. Осы жобаны қолдаған басшылыққа, HR қызметіне рахмет айтамын. Еңбек зая кеткен жоқ. Өз уақытыңда ҚМГ БӨ ғана емес еншілес компаниялар да өздерінде іске асырып жемісін көреді деп ойлаймын. Тренингтердің арқасында өзіме сын көзбен қарай бастадым. Қай бағытта жұмыс істеуім керектігін пайымдадым. Көп жұмыс жасалды. Еншілес компанияларда өз тренингтерімізді өткіздік. Жақсы нәтиже. Маған осы жобада болу ұнайды. Біздің компанияға бұл үлкен инвестиция. Оқыған мамандар мектепте қолданған білімді жұмыста пайдаланып, өндірістік процестерді жақсартуға септік етеді деп ойлаймын.



Айдын Ақан,
«ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ Қазынашылық департаменті директорының орынбасары

ЖОБАНЫҢ МАҚСАТЫ – ІШКІ ТРЕНЕРЛЕРДІ ДАЙЫНДАУ

– Жобада қызықты сәттер көп болды. Маған тренинг өткізген өте ұнайды. Үш тренингімді өткіздім. Қаржыны басқару тақырыбын қамтыды. Мен өз тәжірибем мен білімімді бөлісемін. Әлі үйренетін нәрсе көп. Жобаның мақсаты – сырттан тренерлер шақырмай, қызметкерлерді дамытып, ішкі тренерлерді дайындау. Жоба бізге

Жігер Жақашев,
«ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ Ақпараттық технологиялар және ТПАБЖ департаментінің аға инженері

«ТРЕНЕР» МАМАНДЫҒЫН АЛДЫМ

– Осы ITS жобасына қатысып өзімді шыңдағаным өте қуаныштымын. Бірнеше тренингтерге қатысып, көпшілік алдына шығып сөйлеу, ойыңды ұтымды жеңіл жеткізу және басқа да көптеген тәжірибелер жинақтадым. Өңірдегі өндірістен ҚМГ БӨ-ге келіп осы жобадан үйренгенім мол болды. Осы мектеп біздің қарым-қатынасымызды жақсартуға түсіп, ішкі коммуникацияны нығайтты. Сурет салу, синемология сияқты тренингтерден де өттік. Оның бәрі маман ретінде бізді көтеріп, жаңа қырымыздан танылуға септік етті. Жобаға келгенде қиындық болатынын білгем, толқу-қобалжулар болды. Соның бәрін жеңу үшін жобаның әр кезеңіне өтуге тырыстым. Өз тренингтерімізді өткізіп бастаған кезде тренер болу оңай кәсіп емес екенін түсіндім. Бірақ, бәрі ойдағыдай өтіп жатты. Үнемі тренинг өткізіп тұрсаң шыңдала түсесің. Осы жобаның ұйымдастырушыларына алғысым шексіз. Жаңа «Тренер» мамандығын алып шықтым деуге болады.



береді. Мектептен алған білім әртүрлі тақырыпта тренингтер өткізуге көмектеседі. Тренер болудың қыр-сырын үйрендік, техникасын меңгердік. Бұл Компанияға не береді? деген сұраққа жауап берейік. Бұл бірінші кезекте компанияға тренингтер өткізе алатын дайын мамандар береді. Сырттан нарықтан тренерлер, спикерлер іздемейді.

Жұмагүл Темірғали,
«ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ Жұртшылықпен байланыс қызметінің аға маманы

ҮЙРЕТЕ ОТЫРЫП, ӨЗІҢ ДЕ ҮЙРЕНЕСІҢ

– ITS жобасы басталғанда бірден қатысам деген ой келді. Осындай жобаға қатысып, тренер болудың тәсіл, техникасын меңгеруді көптен ойлап жүр едім. «Іздегенге сұраған» жоба болды. Бір жылдың ішінде мектепте көптеген тренингтер өтті. Одан үйренгеніміз көп болды. Еншілес компанияларға барып, өзіміздің тренингтерімізді де өткіздік. Бұл керемет тәжірибе. Үлкен мектеп болды. Үйрете отырып, өзің де үйренесің. Алғаш рет Компанияда орталық аппарат ішінде ішкі тренерлер өз тренингтерін өткізуді бастау керек болғанда, алғашқы болып өткізуге ұсыныс бердім. Өзімді сынап көргім келді. Кәсіби маман болу жолында көп еңбек ету керек болса, тренер болу да осыны талап етеді. Ең бастысы, қиындығына қарамастан маған осы кәсіп жанымға жақын, өте ұнайды. Осындай тәжірибе алуға мүмкіндік берген «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ-ына үлкен алғыс айтамын.





ЖАҢАРҒАН КЕҢІШ ЖАҢАЛЫҒЫ

Бір ғасырдан астам өзіндік тарихы бар саланың қазіргі майталман мамандары бір кездері қазақтың сахара даласында мұнайды алғаш рет игеруге атсалысқан мұнайшы бабаларымыздың ұрпақтары. Олар ата мен әкенің арманын жалғастырушы ғана емес, елінің ырысын халқына несібе етуге еңбек етіп жүрген өз ісінің білгірлері. «Жайықмұнайгаз» басқармасына қарасты Оңтүстік Батыс Қамысты кен орны бүгінгі таңдағы жаңашылдықты кеңінен қолданып келе жатқан кеніш. Мұнда ашылған жылдан бері (1972 ж) 313 ұңғыма қазылған. 45 жыл бойына үздіксіз мұнай беріп келе жатқан кеніштің әлі де болашағы алда. Бүгінде пайдалану қорында екі жүздің үстінде ұңғыма болса, оның басым бөлігі штангалы тереңдік сораптар, ал қалғаны желілік жетекті сораптар. Олар өзі қосылып-айырылады, автоматты басқарылып, электр энергиясын үнемдейді. 2017 жылы кен орны екі цехқа бөлінді – №2-ші Оңтүстік Батыс Қамысты мұнайгаз өндіру цехы (цех бастығы Қуанғали Әбежан) және №5-ші цех (цех бастығы Беркәлиев Құттыбай). Соңғысына Оңтүстік Шығыс Қамысты, Оңтүстік Шығыс Новобогат, Батыс Новобогат және Лиман кен орындары жатады.

Айта кетерлігі, кеніштердегі мұнай құрамында парафин кездеседі. Ол мұнайды жеткілікті көлемде алуға кедергі келтіре береді, тіпті парафин ұңғыны бітеп те тастайды. Тығырықтан шығу үшін мамандар жаңа әдіске көшіп отыр. Ол үшін ұңғыма бойына арнайы сұйық май ыстық бумен айдалады, ол ұңғыма бойындағы жабысып тұрған парафинді шайып шығады. Мұны полиштанга әдісі дейді. Бұл жылжымалы бу қондырғы әдісі кеніште 2014 жылдың аяғында қолданыла бастапты. Ыстық бумен өңделген ұңғы мұнай беруді жақсартады. Тағы бір тиімді әдіс – штанга қырғыштық әдіс. Мұнда шыбық бойына спираль тәріздіс болат қырғыш орнатылады. Ол ұңғы бойына жиналып қалған қоюлықты қырып, сыртқа шығарып отырады. Міне, осы әдістердің арқасында, кеніштегі ұңғымаларды аралық жөндеу кезеңі ұзарған.

Кен орнына газкомпрессорлар алынууда. Олар құбыр бойындағы газдың қысымын көбейтіп, газ дайындау қондырғысына тұрақты көлемде жіберіліп отырады. Газ компрессорларын орнатудағы негізгі мақсат – алауларды сөндіріп, газды өз қажетіне пайдалану. Тағы бір енгізіліп жатқан жаңалықтың бірі, «Шторм УКМ НП» қондырғысының орнатылуы, ол жер асты жабысқақ ортаны қайта құраушы электронды құрал болып табылады. Яғни, мамандардың түсіндіруі бойынша, ұңғыма бойына электронды импульс жіберу арқылы ұңғыма бойын парафиннен тазалайды. ЗГРП 01-1 қондырғысының орнатылуы да өндірістегі соңғы жаңалықтардың бірі. Мұнда жер асты қабатын жару арқылы мұнайдың көзін ашып, мол өнім алуға мүмкіндік жасалады. Бұл әдіс қауіпсіз әрі экономикалық тиімді дейді мамандар.

«Жайықмұнайгаз» басқармасының С.Балғымбаев кен орнында газ дайындау қондырғысын іске қосуды жүзеге асыру кезінде газ дайындау қондырғысына ілеспе газды жеткізу үшін Оңтүстік Шығыс Новобогат кен орнына 5 дана көп фазалы (мультифаз) сораптар орнатылды және Оңтүстік Батыс Қамысты кен орнында осындай 14 дана көп фазалы сораптар іске қосылды. Көп фазалы сораптарды пайдаланудағы басты мақсат О.Ш.Новобогат және О.Б.Қамысты кен орындарынан өндірілген ілеспе газды С.Балғымбаев кен орнындағы газ дайындау қондырғысына жеткізу болатын. Сораптың атқаратын қызметі О.Ш.Новобогат кен орнынан 12 шақырымда орналасқан О.Б.Қамысты кен орнындағы мұнай тасымалдау учаскесіне қолданыстағы мұнай сұйықтықты жеткізіп, одан кейін сұйықтықтан ілеспе газды айырып, одан әрі 15 шақырымда орналасқан С.Балғымбаев кен орнындағы газ дайындау қондырғысына газ құбыры арқылы жеткізіледі.

Өндіріске қажетті шарттың бірі әрине, жол. Жол нашар болса, техника уақытында жеткізілмейді, көлік бара алмайды, оперативті байланыс қарлы боран күндері мүлде үзіледі.

Тамақ, су, жабдықтар тасымалы да ақсайды. Жол салынса, коммуникация жақсарады. Сондықтан соңғы жылдары жол салуға көңіл бөлініп келеді. С.Балғымбаев пен Оңтүстік Батыс Қамысты кен алаңдарының аралығына (ұзындығы 17,115 шақырым, ені 6,5 метр) асфальт жол төсеу аяқталса, Оңтүстік Шығыс Қамысты аралық 11 шақырым жол да біте келіпті.

Мұнай өндіру кен орындарында жердің ластануына әкелетін бірден-бір жағдай ол - құбырлардың ескіріп, тозып тесілуі салдарынан май ағылуы. Осындай ластануды болдырмау, оның алдын алу мақсатында жыл сайын «Жайықмұнайгаз» МГӨБ кен орындарының ішкі құбырлары (ұңғылардың тасталым құбырлары, ащы су құбырлары, топтап өлшеу қондырғыларының коллекторлары), өндіріс аралық құбырлары уақтылы ауыстырылып тұрады. Атап айтқанда, 2008-2012 жылдар аралығында Гран-С.Балғымбаев, Оңтүстік Батыс Қамысты-С.Балғымбаев, Оңтүстік Шығыс Қамысты-Оңтүстік Батыс Қамысты, Жаңаталап-С.Балғымбаев, Қарашығанақ-Балғымбаев кен орындары аралығындағы ескі мұнай құбырлары мен ащы су айдау құбырлары түгелге дерлік қазіргі жаңа технология бойынша шыны-талшықты құбырларға ауыстырылды. Бұл жұмыстар өз жалғасын тауып, Шығыс Жаңаталап – Орталық Жаңаталап аралығындағы мұнай құбыры – 7,745 км, С.Балғымбаев кен орны бойынша – 3,125 км, Оңтүстік Шығыс Новобогат-Оңтүстік Батыс Қамысты аралығындағы мұнай құбыры – 11 км, барлығы 21,87 км шыны талшықты құбырлар тартылған. Бұрынғы темір тұрбалар 20 жылға жетпей шіріп, тесілуде екен. Ал бұл қытайлық тұрбалар 50 жылға шыдас береді, қазір мұнай құбырлары осындай тұрбаларға көшіп жатыр. Шыны-талшықты тұрбалар бір-біріне ішкі резбалары арқылы бұралып кіргізіледі де, 140-150 сантиметр тереңдікте көміледі, коррозияға ұшырамайды, сәйкесінше тесілу, мұнай ағу болмайды. Ол экологиялық ахуалға да оң ықпал ететіні сөзсіз. Осы және басқа да жұмыстарды Оңтүстік Батыс Қамысты кен орнының цех басшысы Ғибатолла Шана-

ев ұтымды ұйымдастырып, үйлестіріп отыр. Өзі білікті инженер, Америкада өндірістік тәжірибеден өткен, болашағынан зор үміт күттірер ойым жастың бірі.

«Жайықмұнайгаз» басқармасының Оңтүстік-Батыс Қамысты кен орнында өндіріске қажетті электрмен қамту жаңа трансформаторы іске қосылды. Бұрынғы трансформаторлар мен электр желілерінің жылдар өте ескіруіне, ал электр құрал-жабдықтарының тозуына байланысты басқарма басшылығы алдында кен орнында жаңа трансформаторлар мен электр желілерін орнату міндеті тұрды. Барлық құжаттамалары жасақталған соң, құрылыс та басталды.

– 1988 жылы салынған бұрынғы электрмен қамту жүйесі өз мүмкіндігін сарқа жұмсады. Бұрынғы трансформатор өндірістік жұмыстар барысында қиындық тудырып келді. Ескі, тозығы жеткен, тек күтімнің арқасында жұмыс жасап тұрды. Ал, енді жаңа трансформатордың қуаттылығы 4000 кВА-ны құрайды. 2 блоктан тұрады, секциялық ұяшықтары, жабық тарату қондырғысы және резервті автоматты қосу жабдықтары бар. Егер біреуі сөніп қалса, электр энергиясы екіншісіне автоматты түрде беріледі. Яғни, өндірістік нысандарға ешқандай зияны тимейді. Электрмен қамту үздіксіз болады, – дейді «Жайықмұнайгаз» аудандық электр торабының шебері Қапанов Дәурен.

Бұл жаңа қондырғы мүмкіндігінің молдығына байланысты енді Оңтүстік-Батыс Қамысты ғана емес, сондай-ақ Оңтүстік-Шығыс Қамысты және Оңтүстік-Шығыс Новобогат кен орындарындағы барлық өндірістік және әлеуметтік нысандарды, яғни, мұнай дайындау, қабат қысымын сақтау учаскелері, асхана, жатақхана, басқа да ірілі-ұсақты көптеген нысандарды электр энергиясымен қамтамасыз етеді. Қондырғының тағы бір ерекшелігі бұрынғыға қарағанда мұнда электр қуатын үнемдеу құрал-жабдықтары орнатылған. Бұл бүгінгі күнгі электр энергиясын үнемдеуге бағытталған Компания бағдарламасын орындаудың бір көрінісі деп айтуға болады.



МҰНАЙ САЛАСЫНДАҒЫ ҚҰРЫЛЫС



1984 жылдың тамыз айы болатын. Аудандық ауыл шаруашылығы басқармасында жерге орналастыру бас инженері болып еңбек етіп жүрген кезім. Ол кезде мұнай саласы орталықтан – Мәскеуден басқарылатын. Теңіз кен орнын игеру мақсатында аудан орталығы Құлсары поселкесіне орталықтан бір топ адамдар келіп жұмысқа қабылдап жатқан көрінеді деген әңгімені естіп, бұрғылау мекемесі жұмысшыларына жаңадан салып жатқан үйлерге бардым. Жаңағы орталықтан келген адамдар уақытша сол жаңа салынған екі пәтерлі үйдің бір жағына орналасқан екен. Мені орыс қыз бала қарсы алып, Ирина Савицкая деп өзін таныстырды да, қандай мәселемен келгенімді сұрады. Мен осында жұмысқа адамдар қабылдап жатқан көрінеді деп едім. Иә, бірақ біз қазір өзіміз әлі жөнді орналасып болған жоқпыз, сіз күзге қарай келіңізші деді.

Құлсарының орталық көшелерінің бірінде орналасқан «Орта Азия – Орталық» газ мекемесі салып берген екі қабатты қонақ үйі болатын. Аудан басшылары сол ғимараттың бірінші қатарын жаңа мекеменің кеңсесі мен асханасына, ал екінші қатарын жатақханаға берген. Сол жылы күздің қараша айында жаңағы мекемеге барсам, басшысы Ясавеев Гарифулла Габдурахманович деген кісі жұмысқа адам қабылдап жатыр. Жүзі жылы, ақкөңіл адам екен. Өзі техника ғылымдарының кандидаты болатын, кейін докторлық қорғады деп естідім. Мені есіктен қарсы алып: «Отырыңыз, шаруанызды айта беріңіз» – деді бірден. Мен жұмысқа орналасайын деп келдім деп айттым. Біліміңіз, мамандығыңыз қандай, қазір кім болып жұмыс істеп жатырсыз деп сұрақты жаудырды. «Білімім жоғарғы, мамандығым құрылысшы, қазір ауыл шаруашылық басқармасында жерге орналастыру бас инженері болып еңбек етемін» деп жауап бердім. «Міне жақсы болды, бізге қазір сіз сияқты маман өте қажет» деп бірден айтты. Сосын мамандар бөлімінен әлгі Савицкая Ирину шақырып алып, мына кісіні бізге жұмысқа аударуды сұрап, мекемесіне хат жазып беріңіз деп тапсырма берді. Мен жұмысқа қабылданатын болғанымға қуанып, әлгі хатымды алып мекемеге қайтып келіп, бірден басшымыз Нұршаев Есенгелді ағаға кірдім. Ол кісі менің бұл ісімді бірден мақұлдамай:

– Сен жұмысыңды жақсы атқарып жүр едің ғой, неге бізден кеткелі жатырсың, – деп ренжіді.

– Аға, кешіріңіз, мұндай мүмкіндік енді болмай қалуы мүмкін, әрі бұлар мені өз мамандығыммен қабылдап жатыр ғой, – дедім. Марқұм ағай бір өте жақсы адам еді.

– Жақсы, ондай болса мен сенің бағыңды байламай-ақ қояйын, – деді.

Қарашаның 24-нен бастап мен жаңағы жаңа мекемедегі жұмысыма кірісіп кеттім. Сол-ақ екен, менен кейін Қаспаев Әбіш, Юсупов Орынғали, Финайтов Бағытжан,

Юсупов Жақсығали деген жергілікті жігіттер де жұмысқа кіре бастады. Алғашқы әзірде дайындық жұмыстарын атқарып жүрдік. 1985 жылдың қаңтарында басшымыз Ясавеев Г. мені кабинетіне шақырып алып: «Бауыржан, биыл біз Құлсары мен Теңіз аралығына жүк тасымалдау үшін темір жол салайын деп жаттырмыз. Кейін сол жолмен мұнай тасымалданатын болады» деді. Қазір біз жолдың алғашқы қазығы қағылған жерге барып көреміз деп көлігіне отыруды ұсынды. Сол жылы қар жақсы жауған болатын. Әлгі қазықты қар астынан жобалап тауып алдық. Міне осы жерден темір жолдың басы басталады, сен сол құрылысты қадағалайсың деді. Маған үлкен маңызды жұмысты тапсырып отырғанын сезініп, өзім темір жол маманы болмасам да, жоқ мен оны жасай алмаймын деуге дәтім бармады.

Не керек, құрылыс басталып кетті. Алғашқы әзірде бұл жұмысты «Оренбург-трансстрой» тресі бастағанмен, кейін күштің аздығын байқап 100 шақырым құрайтын жол құрылысын екіге бөлді. Маған да ол оңайға түскен жоқ. Құлсарыдан 60-шы шақырымға дейінгі бөліктің құрылысын «Оренбург-трансстрой» тресі жасаса, 60-тан 100-ші шақырымға дейінгі бөліктің құрылысы Атырауда (сол кезде Гурьев) орналасқан УС-99 құрылыс басқармасына тапсырылды. Маған көмек ретінде Ресейдегі Омбы қаласынан келген, темір жол құрылысы мамандығын бітірген Оразбаев деген қазақ жігітін қосты. Мердігер мекеме «Оренбургтрансстрой» тресті бастығының орынбасары Кремлева Ольга Павловна деген әйел адам болатын. Жұмысқа өте берілген, ер мінезді әйел адамын сол кезде бірінші рет көргенмін. Жиналыстарда ол ер адамдарды жұмыс жайында сөз алғанда бет қаратпайтын.

Құрылыс арасында, темір жолдың жобасын жасаған Мәскеудегі атақты «Мосгипротранс» жобалау институтына, иссапармен де барып келетінмін. Жобаның бас инженері Фрадков, инженерлік зерттеу партиясының басшысы Осипов Николай және оның орынбасары Виктор деген кісілермен де талай жұмыс барысында жолықтық. Осы адамдардың арқасында көп нәрсені үйрендім, әлі де жылы сөзбен есіме алып тұрамын. Құрылыстың нағыз қызу жүріп жатқан жылдары. Мәскеудегі 7 министрліктің министр орынбасарларынан құрылған жұмысшы топ кварталына бір рет келіп Құлсарыда жиналыс өткізіп, көптеген шешілмей жатқан мәселелерді жазып алып, кейін өз тараптарынан тапсырма беріп көмектесетін. Сол топтың құрамында, жол қатынасы министрінің орынбасары, Нығметжан Исинғарин деген қазақ азаматы болатын.

Бір жылдары, «Теңізмұнайгаз» бірлестігі басшысыз қалып, орталықтан Мәскеуден мұнай өндірісі министрлігіне қарасты басқарманың бастығы болған марқұм Балғымбаев Нұрлан Өтепұлы жаңа басшы бекітілгенше 3-4 ай уақытша бірлестікті басқарған. Бір күні, апта сайын болатын жиналысқа өз бастығым Игнатов Николай Павлович, мені ертіп барған. Тосын сұрақтар болса маған жауабын айтып отырарсың деп қасына жақын отырғызды. Жиналысты жүргізіп отырған Нұрлан Өтепұлы, орнынан тұрып, қатынасып отырған адамдарды көзімен бір шолып шықты. Маған келгенде сәл кідіріп қалып, көп ұлттың ішінде жалғыз қазақ кім болды екен дегендей: «Сіз кім боласыз» деді. Мен орнымнан тұрып: «Құлсары-

Теңіз темір жолының құрылысын бақылайтын жетекші инженермін» деп, мүдірместен жауап бердім. Ол, көп басқа ұлттың ішінде, өзінен басқа да қазақтың барына риза болғандай: «Отыр, бауырым» – деді.

Сол кезде бірлестік бас директорының құрылыс жөніндегі бірінші орынбасары орнына, Куйбышев (қазіргі Самара) қаласындағы құрылыс дирекциясының басшысы Адонин Вячеслав Сергеевич деген адам тағайындалған. Ол кісінің бірінші күннен-ақ, өзін-өзі ұстауына, іскерлігіне, қаталдығына қарап риза болдым. Кейін оның адамгершілігін де байқадым. Теңіз басында зауытта сол кезде апта сайын жиналыс болатын. Құлсарыдан Теңізге дейін асфальт жол құрылысы жүріп жатқан. Бір күні сондай бір жиналысқа асығып келе жатқанда, жол шаңынан, қарсы келе жатқан ауыр көлікті байқамай қалып апат болған. Сол апатта Адонин В.С. мен көлік жүргізушісі екеуі ажал құшқан. Қазір ол жерде, Теңіз кен орнындағы № 37 скважинадағы өрттен кейін айналалындағы еріген құмнан пайда болған слюдадан жасалған құлпытас тұр.

1986 жылдың күз айлары. Құлсары-Теңіз темір жолының құрылысы біте қойған жоқ. Жалпы құрылыс саласында үлкен объектілерді екі бөлікке бөліп тапсыру деген бар (1-й пусковой, 2-й пусковой комплексы). Соның бірінші бөлігі Құлсары стансасының жол торабына қосып, Теңіз стансасына, одан әрі, бастап салынып жатқан Теңіз газ өңдеу зауытына дейінгі темір жол жүйесін бітіріп іске қосу болатын. Теміржолшылардың қалыптасқан дәстүрлері бойынша, темір жолдың соңғы рельсіне «күміс қазық» (серебряный костыль) қағылып, Теңіз алаңында үлкен салтанатты митингі өтті. Митингіні сол кездегі Гурьев облыстық коммунистік партиясы комитетінің бірінші хатшысы Құлыбаев Асқар ашты. Митингіде Мәскеуден келген Мұнай өндірісі министрінің бірінші орынбасары Толлов, Көлік жолы құрылысы министрінің орынбасары, біздің жерлесіміз Мұнай өндірісі министрінің басқарма басшысы Нұрлан Балғымбаев, тағы да басқалар сөз сөйледі. Митингіден кейін темір жолмен алғашқы тепловоз жүргізіліп, біз сол тепловозбен Құлсары стансасына келдік. Бұл алып Теңіз мұнай-газ кешені құрылысының алғашқы қарлығашы болатын. Өзімнің алғаш объектімді тапсырғанымға менің қуанышымды

сөзбен айтып жеткізу қиын. Осылай мұнай-газ саласындағы болашақ құрылыстарға жолдама алдық деуге болады. Міне сол еңбектің бұйыртса зейнетін де көргелі тұрмын.

Сол кездерде құрылысшы мамандығын қоғамда өте қатты құрметтейтін. Мемлекет дәрежесінде белгіленген тамыз айының 10-ны күні құрылысшылар төл мерекесі жылда аталып өтетін. 1998 жылы «Теңізмұнайгаз» өндірістік бірлестігі екі жақты келісім бойынша «Ембімұнайгаз» өндірістік бірлестігімен біріктірілді. Мен өзім мұнай саласының құрылыс бөлімінде еңбек еткеніме 30 жылдан асып, жалпы еңбек жолым 40 жылға таяп, биыл бұйыртса зейнеткерлікке шыққалы отырмын. 1990 жылдар ішінде Қисымбай, Аққұдық, Ақінген кен орындарын орналастыру құрылыс жұмыстарына қатынастым. Ірі құрылыстардан Прорва мұнай дайындау және айдау орталығы мен Теңіз бас мұнай айдау стансасы аралығындағы ұзындығы 55 шақырым құрайтын Қытай мемлекетінен әкелінген әйнек-талшықты құбырдан салынған мұнай құбыры, Прорва өндірісіндегі 500 орындық вахталық қалашығы, денешынықтыру-сауықтыру кешені, су тазалау кешені, 1000-5000 текше метрлік мұнай жинақтау теміртік қазандықтарын атауға болады. Жалпы ірілі-кішілі құрылыстар көп.

Мұнай көздерін барлау, игеру, оны дайындау және тасымалдау жұмыстары ірі технологиялық кешендердің, құбырлардың, тағы басқа да көптеген жүйелердің, өндірісте қызмет ететін адамдарға жағдай жасау үшін әлеуметтік инфрақұрылымдардың құрылысын қажет етеді. Ал оның барлығы «құрылысшы» деген құрметті мамандықтың иегері болған «адам» құшымен атқарылатыны айдан анық. Тоқсан ауыз сөздің түйіні, сол құрылысшы мамандығының иегерлері ұмытылмай, жыл сайын өздерінің төл мерекелерінде де еңбектері аталып, марапатталып, құрметтелсе екен деймін. «Мұнайлы мекен» газеті беттерінде мұнай саласында еңбек етіп жүрген құрылысшылар туралы да тақырыптар жариялап тұрсаңыздар деймін.

Бауыржан Жарекенов,
«Жылыоймұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасы құрылыс бөлімінің инженері





АЛАМАН БӘЙГЕ ӨЗЕНДЕ ӨТТІ



«Өзенмұнайгаз» АҚ 9-мамыр мерекесіне орай қазақтың ұлттық ойыны бәйге ұйымдастырды.

Бәйгеде тай жарысы (6 шақырым), Ошақ бәйге (15 шақырым), Құнан жарысы (9 шақырым), Аламан бәйге өткізілді. Бәйгеге облысымыздың түкпір-түкпірінен келген шабандоздар белгіленген жерге алғашқы болып жету үшін барлық күш-жігерін салды. Шара ұйымдастырушыларының бірі Орынбасар Құлбеков бәйге шабандоздардың

шеберлігінің ғана сынағы емес, сәйгүліктердің шыдамдылығы сынға алынатын жарыс екендігін айтады.

«Шабандоз қатарласып келе жатқан атқа қамшы сілтеуге, қамшысын үйіріп жасқауға, айқайлауға, эмоцияға беріліп ысқыруға, жарыс жолынан шығып кетуге болмайды. Күтпеген жағдайға қарай бейімделіп, тез шешім қабылдап, атының күшін тиімді пайдаланған шабандоздың бағы жанбақ»-дейді ол.

Шара соңында, жеңімпаздарға «Алғыс хаттар» мен бағалы сыйлықтар табысталды.



БАБАЛАР ЖҮРГЕН ІЗБЕНЕН...

«Өзенмұнайгаз» акционерлік қоғамының Жас мамандар кеңесі «Бабалар жүрген ізбенен» атты 2 күндік танымдық экспедицияны ұйымдастырды. Экспедиция құрамында 45 жас маман мен БАҚ өкілдері болды. Топ өздерінің сапарын Айрақты, Шерқала тауларынан бастады. Содан соң жылжи отырып, Самал шатқалында жыл он екі ай бойы тоқтамай ағып жататын балдай дәмді бұлақтан сусындады. Шатқалда өсіп тұрған долана, тікенді бұта, қамыс көптеген дәрілік өсімдіктермен танысты. Ақмыш бағын тамашалаған туристер осы маңайда ат шалдыртып, түскі тамақ ішіп, тыңайып алды. Таза ауада ішілген тамақтың жөні бір басқа болды. Жастар жігіттер қуырған қуырдақ пен қыздар әзірлеген жан жадыратар шай ішіп, қуаттанып алды.

Жас мамандар құрамындағы өнерпаз әнші Ерлан Жұматов гитарамен ән салып, топтың көңілін көтеріп отырды. 10-16 ғасырға тән Кенті баба қорымындағы қойтастарды көрген жастар басын шайқап, таңдай қақты.

Экспедицияның гиді Құралай Шақпақ Ата, Сұлтан үпі жерасты мешіттерінің тарихымен таныстырды. Қазақтың «көп ұйықтасаң-түс көресің, көп жүрсөң-іс көресің» дегені рас екен. Өзенмұнайгаздықтар бабалары жүрген ізбенен жүріп, шексіз кең аспан, шетсіз жер арасында жел айдаған қаңбақтай қай сайдан шығып, қай сайда қалары белгісіз баянсыз тірлікте, адамның адамға деген кәусар махаббатынан өзге ұлы сезім болмайтынын, одан өткен, одан зор тірлікте байлық болмайтынын ұғынғандай болды.

Жас мамандар кеңесінің төрағасы Бауыржан Бәйімбетов «Туған жердің әр түйір топырағынан қасиет іздеу, әр тал шөбіне үңіле білу азаматқа лайық іс. Жеті жұрт келіп, жеті жұрт кеткен жер киелі Маңғыстауда туып, Маңғыстауда өлген адамның арманы бар ма екен?! Табиғаттан әсерлене білетін адам үшін тұз сапары үлкен ғанибет екен»-дейді.

Екі күнге созылған экспедициядан жас мамандар керемет әсер алды. Рухани байып, ойланып, нұрланып қайтты.



Қауіпсіздік саласындағы құқықбұзушылықтар туралы – WhatsApp арқылы

Құрметті «Ембімұнайгаз» АҚ қызметкерлері!

Енді қауіпсіздік саласындағы құқықбұзушылықтар, сыбайластық және лауазымды өкілеттікті асыра пайдалану жөніндегі ақпаратты WhatsApp әлеуметтік желісі және SMS хабарламамен жіберуге болады.

Егер Сізге Қоғамның тауарлы-материалдық құндылықтарын ұрлау бойынша дайындалып жатқан, жасалып жатқан немесе орын алған құқық бұзушылықтар, қоғамдық тәртіптің бұзылуы, «Ембімұнайгаз» АҚ немесе мердігер мекемелері қызметкерлерінің сыбайластық және лауазымды өкілеттікті асыра пайдалануы туралы мәлім болса, онда, ақпарат, фото немесе бейнежазбаны «WhatsApp» немесе SMS хабарлама арқылы

+7 701 775 66 56

нөміріне жіберуіңізге болады.
Құпиялылыққа кепілдік беріледі.

«Ембімұнайгаз» АҚ
қауіпсіздік қызметі



МЕНШІК ИЕСІ:
«ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ
Газет Қазақстан Республикасы
Мәдениет, ақпарат және спорт
министрлігінде есепке қойылып,
№ 6668-Г куәлігі берілген.

Мекен-жайымыз:
010000, Астана қаласы,
Қабанбай батыр даңғылы, 17 үй,
15 қабат, 1509 бөлме.

- ✓ Газет жарияланымдарындағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- ✓ Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді және оны қайтармайды.
- ✓ «Мұнайлы мекен» газетінде жарияланған материалдар көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- ✓ Жарияланған суреттердің сапасына редакция жауап береді.

Шығарылымды дайындауға қатысқандар:
Бақдәулет Төлеген – B.Tolegen@kmgep.kz
Жұмагүл Темірғали – Zh.Temirgali@kmgep.kz
Бибігүл Бөбекбай – Psdso@umg.kmgep.kz
Лаура Сулейменова – L.Suleimenova@emg.kmgep.kz
Ғалия Қаражанова – G.Karajanova@emg.kmgep.kz
Қосұйым Мұқашев – K_Mukashev@emg.kmgep.kz
Жаңагүл Серікова – Zh.Serikova@kmgep.kz
Диана Қалқамбекова – D.Kalkambekova@kmgep.kz

Байланыс телефоны: **+7 (7172) 97 78 93**
Эл.почта: **munailymeken@kmgep.kz**
Газет айына 2 рет шығады,
Таралымы 5 000 дана
МЕРДІГЕР: **«Samruk invest group» ЖШС**
Астана қ-сы, Сарыарқа даңғылы,
41-үй, 476 кеңсе. Тел.: +7 (7172) 68 00 79
«Ақжар-АБК» ЖШС
Ақтөбе қ-сы, Қобыланды көшесі, 17
тел.: +7 (7132) 21 19 30